

Елбасы — кемеңгер көшбасшы

Қазақстан Республикасының тәуелсіз даму тарихы, оның негізін қалаушы әрі Тұңғыш Президенті – Н.Ә.Назарбаевтың есімімен тікелей байланысты.



Елбасының көреген саясаты нәтижесінде Қазақстан бүкіл әлемге танымал болып отыр. Бүгінде, халқының болашағы үшін адал еңбек сіңіріп жүрген тұлға жайында толығырақ мәлімет беріп, оның еңбектерін дәріптеу мақсатында аудандық орталық кітапханада 1-желтоқсан - Президент күніне арпалғап «Елбасы - кемеңгер көшбасшы» атты тарихи-портреттік кеш №3 –ші КОМ-нің 10-шы сынып оқушылары арасында өткізілді.

Кешті орталық кітапхана қызметкерлері және аталмыш мектептің кітапханашысы Н.Накупова ұйымдастырды.

Кеш барысында Н.А.Назарбаевтың өмірі мен саяси қызметі, тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен дамуындағы тарихи рөлі, Қазақстан қоғамын

жанарту мен қайта құрудағы зор еңбегі туралы баяндама слайд арқылы көрсетіліп, айтылды.

Мектеп оқушылары: Жаркенова Саяғұл, Озатбек Бектас, Мендібаев Тамырлап ақын Маралтай Ыбыраевтың Елбасына арнаған «Кие» атты поэмасынан үзінділер оқыды.

«Шабыт» клубының мүшелері: Бақытұлы Жандос, Жақия Ербол, Оспанов Ерлан Елбасына арнаған өлеңдерін көрермендерге тарту етті.

«Оқырмандарға қызмет көрсету» секторының меңгерушісі С.А. Мұстафина «Әлем таныған тұлға» атты төрт бөлімнен тұратын кітап көрмесіне шолу жасады.

Көрменің «Өмірі мен қызметі» деп аталған бірінші бөлімінде Елбасының өмірбаяны,

оқыған жылдары мен еңбек жолының басталуы, ҚР Президентін сайлау және ұлықтау, халықаралық наградалары мен құрметті атақтары туралы әдебиеттер қойылды.

«Н.Назарбаевтың еңбектері» деп аталған екінші бөлімде Елбасының кітаптары, баяндамалары мен сөздері, жолдаулары мен үндеулері, сұхбаттары мен мақалалары қойылды. Олардың ішінде әр жылдары жарық көрген «Ғасырлар тоғысында», «Тарих толқынында», «Евразия жүрегінде», «Қазақстан жолы», «Сындарлы он жыл», «Стратегия независимости» атты және т.б. кітаптары көрініс тапты.

Үшінші бөлім «Президент туралы толғаулар» деп

аталды. Бұл бөлімде Қазақстан жазушыларының ҚР Президенті туралы жазған «Президент пырағы», «Елің сүйген, елі сүйген Елбасы», «Кемеңгер», «Толғаулар»-«Размышление о Лидере», «Елбасы және мәдениет» және т.б кітаптары қойылды.

Төртінші бөлім, яғни «Астана – Президенттің тарихи ерлігі» атты бөлімде Елбасымыздың ерен еңбегі мен ерлігі, ел мақтанышына айналған Астанамызға арналған: «Еуразия жүрегінде», «Астана», «Астана –



начало Евразии» және т.б. кітаптармен толықтырылды.

Кеш соңында оқушылар: «Көшбасшы – бұл...» және «Егер мен Президент болсам...» деп аталған оқырман сөзіне қатысып, өздерінің ой-пікірлерін жазды.

Г.Алибекова
«Шабыт» әдеби өмір клубының мүшесі